

мәдениеттің құрамы екендігін түсіну қиын емес. Қазіргі кезеңде қоғамның бірте-бірте демократиялық дамуы жалпы білім беретін орта мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында да оқытушылар қауымынан құқықтық тәртіп зор шеберлікпен, шығармашылықпен іске асыруды талап етеді. Құқықтың тәртіпті заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілерінің және мектептердің озық тәжірибесін терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәртіп жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіру қажет. Қорыта келгенде заңдылық пен құқықтық тәртіп-бұл әлемдік және ұлттық құқықтық мәдениеттің құндылығын көрсететін құқықтық идеяларды қалыптастыруға бағытталған қағидалар мен нормалардың жүйесі. Құқықтық тәртіптің мақсаты жоғарғы құқықтық мәдениет ретінде қарастырылатын жеке тұлғаның бойында әлеуметтік міндеттермен нақтылана түсетін, қажетті құқықтық тәртіп пен құқықтық сана және құқықтық білім арқылы қамтамасыз етілген сапалы тұрақтанған қасиеттер мен әдетке айналатын тәртіпті жетілдіру болып табылады. Мемлекет заңдарына деген жоғары жауапкершілік пен құрметті қалыптастыру да құқықтық тәртіптің басты бағыттарының бір тармағы. Құқықтық тәртіп пен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәртіпті одан әрі жетілдіру қажет. Құқықтық тәртіп азаматтық қоғамның құқықтық негізін құрады. Сондай-ақ, құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуының негізі де осы құқықтық білім беру мен құқықтық тәртіптің механизмін ұтымды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы шеберліктен басталады. Ол өз кезегінде мемлекетіміздің ірге тасының беріктігі үшін өте маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл 30 тамыз// <http://adilet.zan.kz/kaz/>.
2. Агдарбеков Т. Мемлекет және құқық теориясы – Алматы: Жеті жарғы 2003, 320-б.
- 3.«Қазақстан – 2050» Стратегиясы. 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауы.[http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/strategies\\_and\\_programs](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs)
- 4.Ибраева А.С. Құқықтық мемлекеттегі адамның құқықтары мен бостандықтарының абсолюттігі // Тураби.2009. №6-Б-46
5. Қарасартов М. Заңдылық-заман талабы. Заң және заман-2009. -№10.Б.43

## **РУХАНИ ДАМУДЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ – БИЛЕР СОТЫ ЖӘНЕ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ**

*Баржаксина Г.Е., академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің 2 курс магистранты*

Мақалада Ұлт санасы жаңғырып, рухы серпілуі үшін ұлы би-шешендеріміздің даналыққа толы сөздерін, әділ шешім-төреліктерін және тарихи тағлымдамаларды терең зерделеу арқылы, ұлт тарихын, салт-дәстүрін ерекше құрмет тұтатын, елдің мүддесін биік ұстайтын, отаншыл ұрпақтың ұлағатты тәрбие алатыны жайлы жарияланады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегінде Қазақстандықтардың біртұтас ұлттық идеяға топтасып, береке-бірлігі жарасым тапқан, ырыс-ынтымағы ұйыған, ризығы тасыған тұғырлы мемлекет болуы мәңгілік елдің кепілі екені атап көрсетілді. Осы еңбегі арқылы Мемлекет басшысы бүкіл Қазақстандықтарды біртұтас елдік мақсатқа бағыт алуға үндеді.

«Қазақтың билер сотының дамуы мен құрылу тарихын зерттеу, мәдени және құқықтық тарихи мұраны сақтау, жастардың бойында мемлекет және құқық тарихына деген патриоттық сезімді қалыптастыру өз жалғасын табуы тиіс. Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында ұлттық сананы жаңартып, рухани жаңғыруда ұлттық сана, ұшқыр ой, білім, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм және ұлттық бірегейлікті сақтап, таяу жылдардағы міндеттерді бекіткенін атап өтті. «Қазақтың билер сотын ұлттық құндылықтар ретінде танып, халық арасында кеңінен насихаттау қажеттілігін атаған болатын атап өтті.

Қазақстанның әрбір азаматының санасында жаңа серпіліс болу үшін, ол өзі еңбек ететін салада рухани жаңғыруды бастан өткеруі тиіс. Мәселен, сот жүйесінің рухани өрлеуінің алтын арқауы, өміршең өзегі – билердің әділ төрелігінде, шешендік өнерінде жатыр. Бала жастан адал тұрып, ақ сөйлеуді ар-ұяттың өлшемі деп білген бала билер сақа билердің өнегесін алып, әділ биліктің әліппесін ерте жастан-ақ терең меңгерген. Бүкіл бір елдің дауын бір ауыз сөзбен әділ шеше білген, туғанына тартпай, турашыл дана шешім шығарған сұңғыла билер ел ішінде аз болмаған. Сонау Майқы би заманынан халыққа кең тараған әділ билердің өнегелі билік шешімдері ғасырлар бойы прецеденттік үлгіге айналып, XX ғасырдың басына дейін сақталып келді. Ондай үлгілерді академик, білікті заңгеріміз Салық Зиманов құрастырған «Қазақтың ата заңдары» деген он томдық еңбегінде барынша оқып, тануға болады. Замана көшімен ілесіп бізге жеткен әділ қазы, адал билер жүргізген сот шешімдері әлі күнге дейін өз маңыздылығын жойған жоқ. Олар ұстанған имандылық, адалдық, әділдік, турашылдық принципін бүгінгі судьялар да мықтап ұстанғаны абзал дер едім. Олай дейтініміз, ол кезеңнің биінің бойында барлық өнердің жиынтығы, қазіргі кезде жеке-дара қалыптасқан билік етудегі барлық саланың негізі жатқанын байыптауға болады. Тегінде, қазақтың шешендік өнерін барынша меңгеріп, билер сотының бай дәстүріне сай, ар мен адамгершілік өлшемінен аттамау – қоғам мүшелерінің бәріне де тән болғаны абзал. Екі тарап та әділ биліктің шешімін мойындауы керек. Осыған қоғам барынша дайын болғаны жөн. Бұл біздің дәстүрімізде бұрыннан бар үрдіс. Ата-баба қанымен бойымызға сіңген құндылықтардың бірінен саналады. Өйткені, бұрынғылар билер сөзін тыңдап, айтқанын екі етпеген. Бүгін де екі жақ психологиялық жағынан дайын болып, әділ сот шешімін мүлтіксіз орындауы тиіс. Осылайша сотқа жүгінген адамдардың құқықтық мәдениеті артқан сайын, сот жүйесіне деген сенімі де нығаяды, заңды сыйлауға машықтанады. Осы үрдіс арқылы әділ сот жүйесіне деген ел-жұрттың құрметін арттыра түспесе, кемімеді. Сондықтан, біртұтас ұлтты қалыптастыру аясында тарих тереңіне көз жіберіп, өзіміздің ұлттық салт-дәстүрімізде мызғымастай сақталған билер сотының әділ төрелігінен таусылмас тағылым алғанымыз дұрыс болар еді. Яғни, бүгінде төл тарихымызға, сан ғасыр жалғасын тапқан ұлттық әдет-ғұрпымызға барынша ден қою арқылы жас буынды, біртұтас өнегелі ұлт өкілдерін тәрбиелеу қажеттігі күн тәртібінен түспеуі керек. Қазақстандық бірегейлік, болашақтың біртұтас ұлтын қалыптастыру қағидасы сонда ғана түпкілікті шешімін табады деп білеміз[1].

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтың дәстүрлі қоғамының билер соты құрылымының жүйесінде әділ билердің қалыптасуына, танылуына және таңдалуына қарай олардың кәсіптік деңгейі бірнеше түрлерге бөлінеді. Мәселен, сол кезеңдегі қоғамдағы беделі мен орнына қарай билер: ата би, төбе би, қатар би, жеке би, төтен би, бала би болып бөлінді. Бұлардың әрқайсысы құқықтық қатынастарда әділсот жүргізу жүйесінде өздеріне тиісті әртүрлі деңгейдегі сот өкілеттіктерін және міндеттерін атқарған. Олардың ішіндегі Төбе би – құрылымындағы ең жоғарғы сатысы болды. Әдетте, рухани – жан қуаттарының құндылығына қарай билердің бұл шоғыры көшпелі қауым арасында бұл атақ бедел мен кәсіптік деңгейдің ең жоғарғы белгісі болып есептеледі. Сондықтан өз жүзінің арасында, белгілі бір аймақтар мен ірі рулық қауымдарда үлкен құрметке ие болған билер төбе билер деп аталатын. Олардың лауазымы шыққан аймағы мен ықпалы өтімді өңірлердің атауымен қоса айтылатын. Мәселен, XVII ғасырдың екінші жартысы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген атақты билер Төле би – Ұлы жүздің төбе биі, Қазыбек би – Орта жүздің төбе биі, Әйтеке би – Кіші жүздің төбе биі болып есептелген. Өз кезінде дауласушы жақтардың қалауымен өте күрделі істерге талай рет төбе би болып сайланған билер бұл атаққа тұрақты түрде ие болған. Билер сотына келмес бұрын дауласушы тараптар маңызды, өте күрделі әрі шиеленісіп тұрған істеріне төбе би таңдауға мән берген. Осыдан кейін өз руының мүддесіне нұқсан келтірмеуді көздеген әрбір тарап алдын-ала өзінің биін, қазіргі тілмен айтсақ, қорғаушы-заңгерін белгілейтін болған. Бұдан соң екі жаққа да қатысы жоқ сырттан келген биді төбе би етіп сайлаған. Осы орайда тарихи деректерден пайымдайтынымыз, Кіші жүздің ханы Әбілқайырды Барақ сұлтан өлтіргеннен кейін, оның ұлы Ералы сұлтанның талап етуімен аталған күрделі дауды жан-жақты әділдікпен қарап, соңғы шешім шығару үшін төбе би ретінде Ұлы жүзден атақты Төле би шақырылған екен.

Билерді таңдау деңгейінің жоғарғы сатысындағы ерекше топтың бірі – Ата билер деп аталды. Бұл билер – бұрын әділ билік құрған, талай істер мен даулардың тағдырын шешіп, елге барынша танылған, жасы келіп қартайғандықтан билік тізгінін өзінен үлгі-өнеге алып, ізіне ерген орта буын билерге тапсырған адам. Ол биліктен қарттығына байланысты қалғанымен, кейінгі билер қауымы оны ақылшы, кеңесші ретінде тұтынып бата алып отырған және болашақ жас билерге баталарын беріп отырған. Сонымен қатар Ата би – «Өзім болдым, өзім толдым, кейінгілер өздері білсін» деп кем ойламай, кеңінен ойлайтын тұлға болған.

Төбе би болмаған билер, яғни билердің келесі деңгейі немесе тобы «қатар билер» шоғырына жатқызылды. Бұған төбе биден басқалары, яғни бір-бірінен артықшылығы жоқ тең құқылы билер жатқызылды. Әр жүздің, тайпаның құрамында өздерінің төбе билері және «қатар билері» болған. Сонымен бірге әрбір ауылда, кіші рулық бөліністерде өздерінің жеке билері болған. Жеке билер өздерінің шешендік қабілетімен, ұнамды, өнегелі ісімен елге танылған, билік ету ісінде атақты билердің алдында сыналған азаматтарды би деп санап, мойындаған, сөйтіп ел сеніміне сай билік ісін жүргізіп отырған. Жеке билер ауылдағы, кіші ру бөліністеріндегі кішігірім кикілжіндерді, талас-тартыстарды үлкен дауға айналмай тұрғанда мәселені әділдік жолмен сол арада ізін суытпай шешіп отырған. Бұл билер тобы – дәстүрлі қазақ қоғамында билердің құрылымдық жүйесіндегі әділ биліктің және билердің танылуының әрі таңдау жолының кең тараған түрі болып табылады.

Құрылымдық жүйесіндегі билердің танылуының және таңдауының келесі бір түрі – «Төтен би» немесе «Төтенше би» деп аталады. Мұнда екі ел арасындағы билерден таңдамалы билер тобын құрып, өкілетті етіп жіберілетін билерді атаған. Бұл тұрақты би емес, мұндай билік мәртебесі беделді билердің кеңесуімен ғана белгіленіп отырған. Мұндай төтенше би тобын екі жақ өзінше құрып, кездесуге жіберетін. Уағдаласқан жерге екі тараптан төтен билер келіп, мәселені талқылап тиісті келісім – шешімін қабылдайтын болған. Аталған билер тобы көбінесе ұзаққа созылған даулы істерді шешіп келу үшін іріктеліп жіберілетін болған.

Билердің құрылымдық жүйесіндегі ерекше бір түрі – «Бала би» болып табылады. Бала би билік дәрежесін әлі иеленбеген, билік айтуға талап қылып, өзін әр жерде шешендік әрі тапқырлық қырынан көрсете бастаған жеткіншек. Әдетте, қадірлі, беделді билердің алдын көріп, ілтипатына бөленген ұшқыр ойлы әрі дарынды жасты би ретінде таниды.

Сонымен жоғарыда көрсетілген билер сотының құрылымдық жүйесі қазақ қоғамының рухани-құқықтық өмірінде аса маңызды реттеушілік рөл атқарды. Әрине, билердің құқықтық қатынастарда маңызды рөл атқаруы олардың әдет-ғұрып құқығын түзуші, талдаушы, кей кездерде мерзім сайын немесе тұрақты түрде соттық-сарапшы функцияларын атқарумен тығыз байланысты болды. Бұл өкілеттілік билердің қоғамдық қызметінің соттық-реттеушілік тұрғыдағы маңызды түрі болып қалыптасты. Осы қызметтермен қатар билер кезкелген даулы істерде ел арасына немесе өз руласына қорғаушы және оның жоқтаушы қызметін де атқарып отырған. Халық арасында өзінің дарындылығымен, әділдігімен танылып, таңдауға түскен билер өз заманында ел басына күн туған қиыншылық кезде де, ел жиналған ас, той тұсында, жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мүлік дауы көтерілген кезде де ел тағдырын «тура жолдан таймай» әділдікпен шешіп отырғанын өткен тарихымыз дәлелдейді. Сондай-ақ, билер сотының құрылымындағы әділ билер қазақ қоғамындағы ішкі саяси-құқықтық және әлеуметтік қатынастарды реттеп қана қоймай әрі Қазақ Елінің сыртқы қарым-қатынастарын реттеуде де зор үлес қосқан мемлекеттік қайраткерлер болды. Қазақтың билер сотының көшпелі өркениеттің жоғарғы құндылығы ретінде танылып әрі таңдалуына қатысты ойларды әйгілі зерттеуші-заңгер, академик С.Зимановтың мына пікірімен тиянақтауды жөн көрдім. «...Қазақтың «жарғысы» мен билер сотында байлық пен дәулет түсінігі адам өміріндегі жан қуаттарынан кейінгі орында тұр. Билер соты соншама еркін әрі өнегелі болғандықтан, халық көңіліне жақын және жағымды еді. Бұл орайда қазақтың билер соты жалпы өркениетке ортақ үлгідегі сот болғаны анық еді»[2;1].

XXI ғасырдағы ұлттық сананың негізгі тұғырнамасын терең саралай отырып, жаһандық философиялық тұжырым жасағандығын айту абзал. Осы сананы жаңғырту философиясы бір ғана бізді, яғни қазақстандықтарды ғана емес, әлем халқын, барша адамзатты ойландырар деген ұстанымдамын. Өйткені, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жалпы адамзаттық мәселені алға қойып отыр. Ендігі адам баласы қандай болуы керек және де бүгінгі аласапыран заманда өзінің адами бітім-болмысынан ажырап, тіпті ой-санасы адаса да бастаған адам - заттың не істеуі керек? Яғни, оның жауабы, «еліміздің мықты, жауапкершілігі жоғары біртұтас Ұлт болуы».

Өйткені, XXI ғасырда қалыптасар ұлттық санамыз біздің ұлт есебінде сақталып қалу мен Мәңгілік Ел болу ұлы мұраттарының жүзеге асуының алғы да басты шарты болары анық. Осы XXI ғасырдағы ұлттық сана жайында айта келіп «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек», дегенді алға тартады. Өйткені, аузымыздың суы құрып айтып келген батыстық жаңғырудың бүгінгі заманның болмысына сай келмей, ол әлемде кей жағдайда наразылық тудырып отырғандығы да бар. Әр ұлттың өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан асыл ойлары мен ізгі амалдарын және де жақсы кісілік бітім-болмысын, салты мен дәстүр, ғұрпын сақтау бүгінгі күні жалпы адамзаттық үлкен

мәселеге айналып отыр. Адамзат өмірі мен тұрмысына ғылым мен техника жетістіктері және ақпараттар ағыны араласқалы кез- келген ұлттың санасына ауыр салмақ түсе бастады. Ол салмақ ұлттың санасына идеологиялық және саяси жүк болып артылғанын да бағамдар едік. «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Басты кемшілігі – олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында», деген тұжырымға тоқтаймыз. Батыс кейбір өзге халықтар үшін ар мен ұяттың ісі болып табылатын әдептерді мойындағысы жоқ. Кейде бей әдеп, тіпті адам баласының жаратылысына жат тағылық әрекеттерді заңдастыруға дейін баруы, мұны «демократия, адам құқығын сыйлау» деп дәріптеп, сол бей әдеп қағидалар әлемнің кез келген елінде көрініс табуы керек деп талап та қоюы қандай қисынға сыяды?! Бәлкім, содан да болар, бүгінгі күні Батыс пен Шығыс арасындағы және де түрлі діндер арасындағы қарулы қақтығыстар барған сайын өрши түсіп отыр. Бұл, бәлкім, әр халықтың өз ары мен ұятын, бітім-болмысын, халықтық сипатын таза күйінде сақтап қалудың қақтығысы да болар. Әрине, біз бейбіт өмірді де, кез келген халықтың өзіне тән ары мен ұятын, бітім-болмысын, халықтық сипатын сақтап қалуды қарулы қақтығыстар арқылы шеше де алмасымыз анық.

Бұл орайда, біздің Елбасының ұстанымы, кез келген даулы мәселені келіссөздер арқылы бейбіт жағдайда шешу және ендігі дүниені революциялық емес, эволюциялық жолмен өркендету мәселесі бүгінгі жаһандану заманының әлемдік ұстанымына айналуы керек. Өйткені, кез келген революцияның да, кез келген төңкеріс пен кез келген қарулы қақтығыстың да адамзат баласына әкелген қайғысы мен қасіретінің тек бір ғана XX ғасырдағы тарихынан-ақ ой түйіп, сабақ алуға болар еді. «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», деген Елбасының осы бір өте маңызды тұжырымына орай ой қосар болсақ, ендігі арада бізді сол ұлттық кодымызды сақтау мен соны дүниеге келген, алдағы уақытта да дүниеге келер ұрпағымыздың бойына қалай сіңіреміз деген мәселе ойландырса етті. Ал бұл орайда, ойланатын мәселе бар деп санаймыз. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Сондықтан да компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты алға тартып отырған мәселелері біздің қоғамның берік ұстанымына айналып, осы бағытта тынымсыз жұмыстар жүргізуді талап етеді. Сол үшін де «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалардың қолға алынуы ол біздің халқымызды ХХІ ғасырдың талаптарына сай даярлаудың алғашқы қадамы екендігін үлкен бір жанашырлықпен айтып отыр[3; 103-104].

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне ой жүгіртіп, бұл жаңғырудың маңыздылығы мынада: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды». Саяси, экономикалық реформаларда егеменді еліміз бірқатар жақсы нәтижелерге қол жеткізгені баршаға мәлім. Ол адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Осы рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға ден беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжытатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл

жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Әрбір Қазақстанның және тұтас қоғамның санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың алты бағыты белгіленген:

1. Бәсекеге қабілеттілік;
2. Прагматизм;
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау;
4. Білімнің салтанат құруы;
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;
6. Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген адамдар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Бәсекеге қабілеттілік саясат пен экономикада, білім, ғылымда, технологияда, яғни барлық салада болуы тиіс. Бәсеке болған жерде әрбір тұлға өзінің ең сапалы қызмет түрін ұсынады. Білім мен тәрбиесі ғажайып түрде үндескен, ұлттық идеологиясы темір қазығына айналған табысты ел болуымыз үшін жақсылыққа ұмтылып, жаманшылықтан арылып, саналы түрде барлық қасиеттерімізді ізгілендіріп, сананы рухани жағынан үнемі жетілдіріп, дамытып отыруға тиістіміз.

Ұлттық жаңғыру дегеніміз – ұлттық санамен тығыз байланысты. Оның түпкі мақсаты – ұлттық бірегейлікті сақтап, ел ішінде бейбітшілік пен келісім үйлесе отырып, ұлттық береке, бірлік салтанат құрған бәсекеге қабілетті, табысты ел болу. «Сонымен бірге, жаңғыру ұғымының өзі мейлінше көнерген, жаһандық әлеммен қабыспайтын кейбір дағдылар мен әдеттерден арылу дегенді білдіреді», - деді салиқалы Президентіміз. Сондықтан рухани жаңғыру үдерісін дер кезінде қабылданған оң шешім деп танымыз. Осы рухани жаңғырудың жүзеге асырылуын біз және сіз болып, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» бірлікте орындауымыз аса қажет. Бәсекеге қабілетті, әлемдік деңгейде танылған әрі дамыған рухани кемел ел болу – асыл арман. Ендеше, жастар соны серпін етіп алып, тың бастамаға жол бастауы - келешекке қамданудың әрекеті деп түсінеміз.

Аталмыш тұғырнамасында білім, ғылымға ерекше басымдық беріп отыр. «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі», – деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Мәңгілік ел» болуға қадам басқан тәуелсіз Қазақстанның ендігі жаһандану алдында ұлт ретінде жойылып кетпеуі үшін ұлттық кодын сақтаған, терең білімді, бәсекеге қабілетті, ұлттық құндылықтарын бойына сіңірген ақыл-ойы кемел тұлға болуына маңыз береді. Осы бағдарда ол бабалар ұлағатымен астасып жатқан зерделі ойы мен парасаты пайымын білдіреді. «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет. Тәуелсіздік жылдарында қыруар жұмыс жасалды. Осылайша мақалада айтылған әрбір ойдың астарында терең мазмұн мен зерделі пікір жатыр.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қ.Мәми, заң ғылымдарының докторы "Қазақтың билер соты – ұлттық құндылық", "Егемен Қазақстан" газеті, <https://egemen.kz/article/qazaqtynh-biler-soty-%E2%80%93-ulttyq-qundylyq>. 07.06.17ж.
2. Ж.Әлдибеков Қара қылды қақ жарған билер сотының қалыптасуы мен ерекшеліктері, Республикалық қоғамдық-саяси газет 12 қазан 2018 жыл №41 (683).
3. Ж.Ерғалиев «Елбасының мақсаты – Мәңгілік ел» Болашаққа бағдар: Рухани Жаңғыру (статья, интервью, выступления, экспертные комментарии и справочно-аналитические материалы) – Астана: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2017. –512б.